


**А**лыстан келе жатқан жолаушының көзіне оттай басылатын осынау белгі бүгінде көшіліктің көзайымына айналған. Тіпті отау құрған жұптар арнайы серуен құра барып, бір-біріне ақ тілектерін арнайды. Мектеп бітіруші түлектер, қалалықтар мен қонақтар аялдап, естелікке суретке түседі. Ал көмірлі қаланың эмблемасына айналып кеткен бұл белгі тарихынан не білеміз? Авторы кім? Кімдер орнатты?

Жанар ӘБДІКЕРІМ



# Қала белгісі қалай пайда болды?



Балғабай Шәймерденов

- 1996 жылы қалалық мәслихатқа депутат, одан кейін хатшы болып сайландым. Ал 1997 жылы Екібастұз қаласының 40 жылдық мерейтойын атап өттік. Ол дағдарыс қыспақça алған қызын кез еді, дәрігерлер мен мұғалімдер жалақыларын, зейнеткерлер зейнетакыларын айлас ала алмай отыратын,

- деп әңгімелейді қаланың Құрметті азаматы Балғабай Шәймерденов. – Бірде әкімдік ғимаратында телефон станциясы орналасқан шағын бөлмеге кірсем, үстел үстінде плакаттар жатыр екен. Солардың біріндегі 70x70 өлшемімен салынған осы эмблеманың суретіне назарым ауды. Анықтай келе, сурет авторы сөүлетші Женіс Хайдаров болып шықты. Ол суретті Кенестер одағы тұсында салса керек, мән берілмей қала беріпти...

Осылайша, Балғабай Мынбайұлына «суреттегі белгіні қалага кіре беріс тұсқа орнатсақ қайтеді?» деген ой келіп, бұл ту-

ралы сол кездегі қала әкімі Елубай Оразалиновын ақылдасады.

– Қала басшының көлісімін алған соң, РГТО зауытының директоры болып еңбек еткен Қаланың Құрметті азаматы Леонид Ларионовпен және «Стальконструкция» кәсіпорнының басшысы В.Губермен жолығып, ақылдастым. Екі-үш көлікпен қаланың сыртына шығып, белгіні орнататын орын қарастырыдық. Бұрын Екібастұз қаласының басқа эмблемасы болған. Ол тұрған орын жолдың дәл шеті болғандықтан, жарамады, себебі біз жоспарлаған жоба ауқымы қомақты. Сөйтіп, қазіргі орын таңдалды. Белгіні қондыратын тұғыртас орнату туралы ұсынысымды Болат Әміргалинов атты азамат құп алды. Тұғыр орнатып, сыртын әдемі тастармен әшекейлеп берді. Ал жоғарыда аталған азаматтар эмблеманы жасады. Бастапқыда белгіні желмен шайқалуы ықтимал деп

жорамалдан, сыммен тартып қоймақшы едік. Бірақ орнатқан соң оның қажеті болмай қалды. Бері көнілдегідей шықты, – дейді Балғабай Мынбайұлы. – Осы белгі жайлы сез еткенде, көнілге кірбің түсіретін бір жайт бар. Бертінгі жылдары оның жаңында шағын үй пайда болды. Иә, әдемі бір мәдени нысанға айналған қаланың эмблемасы жаңынан дәмхана ашылғаны құба-құп: өткен-кеткен жолаушылар шай-су ішіп, дамылдар еді. Бірақ ол не ашылмады, не қоймады. Оның үстіне, алыстан келе жатқанында, эмблеманы көлегейлеп тұрады. Қысқасы, дұрыс орналаспаған. Ал белгіге келер болсақ, кейін той тойлағандар сол жерге барайп «аққайнардың» шишасын күл-парша етіп сындыратын «дәстүр» шығарды. Әп-әдемі орын былғанышқа айналатын болған соң, оның тазалығын «Коммунсервис» кәсіпорнына жүктедік.